

Ленин

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдері

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының, облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 40 (7000)

Сейсенбі 27 февраль 1945 жыл

Шығуына 27-ші жыл
Жеңіс саны 20 тыйын

ЕГІСКЕ ЖАҚСЫ ӨЗІРЛ К- МОЛ ӨНІМНІҢ КЕПІЛІ

ҚК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы саяси-шаруашылық маңызы орасан зор мәселелер қарап, партия, совет, комсомол ұйымдарына, жер және совхоз орындарына, МТСтар мен совхоздардың директорларына, колхоз басқармаларына зор міндеттер жүктеді. Пленум социалистік жарысты кең өрістетіп, колхозшыларды, МТСтар мен совхоздардың жұмысшыларын және мамандарын жұмылдыруы негізінде быылғы жылы көктемгі егістің ойдағыдай өткізілуін, ауыл шаруашылық егістерінің бәрінен мол өнім алынуын, астық тапсыру жоспарының орындалуын, колхозшылардың еңбек күшіне астықтың көп берілуін қамтамасыз етуге, сөйтіп республикамыздың 25 жылдығын зор табыстармен қарсы алып, нөміс басқыншыларды біржолата талқандау жолында ерлік күрес жүргізіп жатқан Қызыл Армияның ерлік жеңістеріне жаңа табыстармен жауап беруді талап етті.

Көктемгі егіс соғыс кезінде бүкіл ауыл шаруашылығының алдына қойылып отырған міндетті тыңғылықты орындаудың ең жауапты кезеңі. Көктемгі егісті мерзімінде жоғары агротехникалық сапада өткізгенде ғана егіннен мол өнім алып, пленум қаулысын мүлтіксіз жүзеге асыруға болады. Ал, егістің ойдағыдай өткізілуі күнілгері сақадай сай әзірлікке байланысты.

Қазір егіске әзірлік жұмыстарының негізгі буыны трактор жөндеу болып саналады. Көптеген МТСтар мен совхоздардың трактор жөндеушілері соғыс кезінің қиыншылықтарын бағыл және отырып, трактор жөндеуде көрнекті табыстарға ие болды. МТСтар мен совхоздардың трактор жөндеушілер арасында еңбек өнімін арттырған, сөйтіп, батыр Қызыл Армияның тамаша жеңістеріне зор еңірістік табыстармен жауап берген тандаулылар қатары өсе түсті.

Бірақ облысымызды жалпы алғанда трактор паркін егіске әзірлеу жұмысы бірыңғай МТСтар мен совхоздарда, әсіресе Чистая, Тимирязев, Ленин атындағы, Сарытомар МТСтарында және Шағлы, Возышен астық совхоздарында өте нашар болып отыр. Бұл МТСтардың басшылары трактор жөндеудің январь айынағы жоспарының орындалуын қамтамасыз етпей, жөндеу жұмысына февраль айында да қарқын бере алмады. Бұл МТСтарда бір онжүздікте 1—2 трактор ғана жөнетеді. Сонымен МТСтардағы тіркеу саймандарынан осы күнге дейін 259 сопа, 702 тұқым сеппіш 330 дүңгелік және 658 культиватор жөндеген жоқ.

Жұмырда ҚК(б)П облыстық комитетінің бюросы «Облысымызда көктемгі егіске әзірліктің барысы туралы арнаулы қаулы қабылдады. Обком бюросы өзінің бұл қаулысында Булаев, Конохов, Полудень

және Соколов Жұдаңдарында көктемгі егіске даярлықтың барысы мүлде қанағаттанғысыз екендігін, бұл аудандардың бүкіл облысымызды артқа тартып отырғандығын атап көрсетті. Облысымызда тұқым құю, ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын жөндеу, көлік күтімін жақсарту және қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру жұмыстарының барысы ойдағыдай болмай келеді.

Колхоздарда керекті егіс тұқымның 70,7 проценті құйылды. Тұқым құю жөніндегі соңғы онкүндік өсім не бары 910 центнер ғана болды. 426 колхоздың 116 ғана өздерін егіс тұқыммен қамтамасыз етті. Егіс тұқымын әрбір колхозда толықтыру, құйылған тұқымды шығымдылық сапаға жеткізу және картоф ұшын жыйнау жұмыстары колхоздардың басым көпшілігінде сылдыр ұйымдастырылды. Соколов, Преснов, Октябрь және Булаев аудандарында құрал-саймандарды жөндеу және жөндеушілерін комиссия арқылы қабылдау ісі тіпті мардымсыз.

Қысқы агротехникалық шараларға келсек, қар тоқтату және жергілікті тыңайтқыштар әзірлеу тапсырмалары бірде-бір колхозда орындалмады. Ол алма, кейбір колхоздардың басшылары қысқы агротехникалық шаралар жөнінде көзбояушылыққа салынды. Мәселен, Полудень ауданындағы «Екінді» колхозының басшылары агротехникалық шаралар жөнінде үнемі өтірік мәлімет берген. Мұны көре жөне біле тұра аудандық ұйымдар колхоздағы көзбояушыларға ымырашылық жасаған,

Көктем талпын келеді. Бірақ істелетін жұмыс әлі көп. Сондықтан да аудандардың, МТСтар мен колхоздардың басшылары ҚК(б)П Орталық Комитетінің XII пленумы қаулысынан болшымынша қорытқы шығаруға тиіс. Жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары мен жер орындары егіске әзірліктегі олқылықты тез жаса, ол үшін қалың бұхара арасында елден-ауылдан жұмысын пәрменшіне өрістетуге, егін еңбекшілердің өндірістік орнеуін одай білуге міндетті. Егіске әрбір колхоз, совхоз, МТС мүлтіксіз әзір болатын болса, Олар көктемгі егіске жұмыс мамандары әзірлеудегі елеулі кемшіліктерді дереу-ақ үшін барлық шараларды қолдануы қажат.

Көктемгі егіс — бұл аяңдап. Қазіргі жүргізіліп жатқан әзір жұмысының сапасы егістің уақыты өткізілуіне және егіннен алынған өнім қарап бағаланады. Олай болса, көкте егіске мінсіз әзірленіп, оны қысқа кезде, сапалы өткізуге, егіннің барлық ірінен мол өнім алынуын қамтамасыз еткенге колхозды ауыл-селоның барлығын толық жұмсайық!

В. М. Молотов Француз республикасын елшісі Ж. Катру мырзаны қабылдады

23 февральда ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов Француз республикасының ССРОдағы Төтенше және Полномочісі елшісі Ж. Катру мырза-

ны, оның ССРО Жоғарғы Іті Президиумының Председателіне өзінің өнім грамоталарын тапсыруына байланысты қабылдады.

Немістерді толық жеңетін күніміз енді жақын. Бірақ жеңіс ешқашанда өздігінен келмейді, оған ауыр ұрыстар мен қажырлы еңбек арқылы ғана қол жетеді.
И. СТАЛИН.

Совет Хабаршы бюросынан 24 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

24 февральда ЗЕМЛАНД түбегінде, КЕНИГСБЕРГТІҢ солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жау әскерлері мен танктерінің атакаларын тойтарды. Мұнымен қатар, КЕНИГСБЕРГТІҢ оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның Шығыс Пруссиядағы әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізді, сөйтіп ЭКНЕР, КУКЕНЕН, ЛАНГЕНДОРФ, КВИШЕН, ПЕРБАНДЕН, ШЕНЕБЕРГ, РАУШБАХ, АНТИКЕН, ШВИЛЛГАРБЕН қыстақтарын алды.

ДАНЦИГТІҢ оңтүстік және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстары нәтижесінде ЖЕРОНИКО МАКСХАУЗЕН, ВЕЛЬБРАНДОВО, ОССОВО, ЗАМОЕЦ, КЛОДНЯ, ГРОСС-МЕНЦНИК, МОССИН, ШТАЙНБОРН, ШТРЕТЦИН қыстақтарын алды. ГРУДЗЯНДЗ (ГРАУДЕНЦ) қаласында дұшпанның қоршауға алынған гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді.

БРЕСЛАУ ауданында әскерлеріміз дұшпанның қалада қоршауға алынған әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, қала маңындағы ОЛЬТАШИН қыстағын және қаланың оңтүстік жақ бөлегінде 15 кварталды алды.

ДУНАЙДЫҢ солтүстік жақ жағалауында КОМАРНОНЫҢ шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жау әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын тойтаруда болды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде шөргілікті маңызы бар ұрыстар болды.

23 февральда барлық майдандарда немістердің 116 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 34 самоләті атып түсірілді.

25 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

25 февральда ЗЕМЛАНД түбегінде, КЕНИГСБЕРГТІҢ солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жау әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атакаларын тойтарып, жауды адам күші және техника жағынан орасан көп шығынға ұшыратты, мұнымен қатар КЕНИГСБЕРГТІҢ оңтүстік-батыс жағында дұшпанның Шығыс Пруссиядағы әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді, бұл ұрыстардың барысында әскерлеріміз АМАЛИЕНВАЛЬДЕ, ПЛЕССЕН, БОЙДИТТЕН, ТИФЕНЗЕЕ, МЮНГЕН, ГРОСС ХАССЕЛЬБЕРГ қыстақтарын алды. 24 февральдағы ұрыстарда КЕНИГСБЕРГТІҢ солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз немістердің 36 танкіін қыйратты, жойды.

ХОЙНИЦЕ (КОНИЦ) қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстары нәтижесінде ПОМЕРАНИИ жерінде ПРОЙС ФРИДЛАНД қаласын алды, сол сияқты ДАВНИК, КЛАУСФЕЛЬДЕ, БИШОВСВАЛЬДЕ, КРИСТФЕЛЬДЕ, БАРКЕНФЕЛЬДЕ, ХАЙНРИХСВАЛЬДЕ, ПЕТЕРОВАЛЬДЕ, БРЮТЦЕНВАЛЬДЕ қыстақтарын ұрыспен алды.

БРЕСЛАУ ауданында әскерлеріміз қалада қоршауға алынған дұшпанның әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, қаланың оңтүстік жақ бөлегінде бірнеше кварталды алды.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді. 24 февральда барлық майдандарда немістердің 139 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 8 самоләті атып түсірілді.

* * *

Шығыс Пруссияда Кенигсберг қаласының солтүстік-батыс жағында дұшпанның танктері ерте шептерімізге атака жасады. Немістер шағын учаскеде жау әскерлері мен танктерінің ірі күштерін ұрысқа шығарды. Күші бойы кесіліссек ұрыстар болды. Әскерлеріміз жаудың атакаларын тойтара отырып, немістердің 2000дай солдатты мен офицерін жойып жіберді.

Кенигсбергтің оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның Шығыс Пруссиядағы әскер тобын қоршау шеңберін қиындауға алға болды. Немістер темір-бетоннан салынып, алдың-ала әзірленген көптеген бекіністеріне сүйеніп, жайтала сапарылық көрсетуде. II. құрамасының бөлімдері алға баса отырып, дұшпанды Цинген қаласының солтүстік-батыс жағында бірнеше қыстақтан қуып шығарды. Екінші бір бөлімдеріміз немістердің оқ жаудыра жасаған қатты қарсылығын жеңіп, Тифензее темір жол станциясын алды.

Кіші лейтенант Григорьевтің басқаруындағы өздігінен жүретін зеңбірек экипажы жаудың әскер колоннасына тап берді. Артиллерияшыларымыз немістер-

дің өздігінен жүретін екі зеңбірегіне қайратып, жаудың 9 пулеметін, бірнеше оңдаған автомашинасын жойып жіберді, сөйтіп бір топ гитлершілерді қырып салды. Старшина Дубицкойдың басқаруындағы 7 жауынгер түп ішінде дұшпанның жер үйлеріне басып кірді. Гвардияшылар жауға гранаталар лақтырып және автоматтардан оқ жаудырып, немістердің бір взвод жау әскерлерін жойды, сөйтіп қолаяны шептерді алды. Кіші сержант Логинюктың зеңбірек рәсметы екі күнгі ұрыстарда немістердің 7 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегін жойды. Капитан Яковлевтің басқаруындағы бір топ гвардияшыларымыз жаудың атыс бекінісін алды, сөйтіп дұшпанның қарсы атакасын тойтара отырып, 100дәл аса немісті қырып салды.

* * *

Хойнице (Кониц) қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз артиллерия дайындығын жөйін дұшпанға шабуыл жасады. Совет жау әскерлері немістердің қорғану шебін бұзып өтіп, алға басты, сөйтіп Пройс Фридланд қаласын, тауу іргелеріне жетті. Немістердің (Жалғасы 2-бетте).

Ел еңбекшілері сүйікті көсеміміздің бұйрығына
өндірістік зор табысқа жетумен жауап беруде

ЗОР ӨРЛЕУМЕН ҚАРСЫ АЛДЫ

Октябрь ауданындағы «Дружина» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері батыр Қызыл Армияның 27 жылдығын өндірістік зор өрлеумен қарсы алды. Олар көктемгі егіске әзірлік жұмыстарында бір сыра табыстарға ие болды.

Колхоз мүшелері егіске әзірлік жұмыстарына ұйымдасқан түрде қатысты. А. Ткаченко, Н. Баянина жолдастар сыяқты таңдаулы колхозшылар егіс тұқымын тазартуда тәулік бойы тынбай жұмыс істеді. Олар 1000 центнерден аса тұқым қорының қысқа мерзімде тазартылуын қамтамасыз етті.

Колхозшылар А. Мұқашев және Н. Ковалев жолдастар ауыл шаруашылық ма-

шиналары мен құрал-саймандарды жөндеуде үлгі көрсетті. Олар 14 соқаны, 3 тұқым сепкішті және 100 жарманы жөндеп, егін бригадасының бригадиріне тапсырды. 75 жастағы колхозшы Контаров жолдас артельдің барлық жегу-әбзелдерін жөндеді.

Колхоз селосының адамдары жұмыс малдарын мәңсеп күтуде. Көлік күту ісі таңдаулы колхозшыларға жүктелді.

—Біз көктемгі егіске әзірлікті мезгілінен бұрын аяқтаймыз. Сөйтіп егіннен мол өнім алудың берік негізін қалаймыз, —дейді колхозшылар.

Т. ЖЕТІСБАЕВ.

Жаңа ерлік істер істеуге жігерленуде

Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жолдастың батыр Қызыл Армияның 27 жылдығы туралы Бұйрығы Мамлют ауданының еңбекшілері арасында өндірістік зор өрлеу туғызды. Өнер кәсіп орындарында, мекемелерде және колхоздарда көп адамдар қатысқан митингілер болып өтті. Митингіге қатысқандар өздерінің сөзінде гитлершіл аюанды оның өз үңгірінде біржолата талқандау ісінен ештеңе аямайтындықтарын білдірді.

«Красная нива» колхозында болған митингіде колхоз председатели Тяпников жолдас сөз сөйлеп, былай деді:

—Көкейлер көсеміміз Сталин жолдастың тарихи бұйрығы бізді жанқырлық еңбек істеуге жігерлендіріп, зұлым жау-

ды талқандау жолына барлық күшімізді сарқа пайдалануға шақырады. Жеңіс күні жақын. Сол жеңіс күшін неғұрлым тездету үшін біз, колхозшы шаруалар еңбек майданында тынбай жұмыс істеуіміз керек. Колхозда социалистік жарысты пәрменінше өрістетіп, 1945 жылдың көктемгі дала жұмыстарына үлгілі әзірленейік! Сөйтіп, көсеміміздің бұйрығына егіннен мол өнім алудың берік негізін қалаумен жауап берейік!

Осы аудандағы «Красный кирпич» қол өнершілер артелінде, Каганович атындағы колхозда және Мамлют совхозында Сталин жолдастың тарихи бұйрығын талқылауға арналған митингілер зор өрлеумен өтті.

Ж. ҚАСЕНОВ.

МАЛШЫЛАРДЫҢ ӨНДІРІСТІК ТАБЫСЫ

Полудень ауданындағы «Красный переловик» ауыл шаруашылық артелінің мүшелері көкейлер көсеміміз Сталин жолдастың тарихи бұйрығымен жігерленіп, мал қыстату маусымын ұйымдасқан түрде өткізуде. Қазір барлық малдардың қоңы ортадан жоғары. Мұнда қыс бойы бірде-бір мал шетпеген жоқ. Колхоз мал өсірушілері қыстаулар жанында кемінде бір айға жететін мал азығы қорын жасады.

Сауыншы Захарова жолдас өзіне жүктелген жұмысты аброймен атқарып жүр. Ол жуырда ғана алынған жас бұзауларды аман сақтап өсірді. Колхоз басқармасы Захаров жолдастың еңбек күніне қоныс ақыға бір бұзау берді.

—Көкейлер көсеміміз Сталин жолдас өзінің бұйрығында тыл қызметкерлерін бұрынғыдан да қажірлі еңбек етіп-қатыр Қызыл Армияға барынша көмектесуге шақырды. Көсемнің шақыруына енегелі іс пен жауап беремін, —дейді Захарова жолдас.

Өткен жылы бұзау күтуші Десятова жолдас 25 бұзау өсіріп, оларды аман сақтаған еді. Десятова жолдас бұл еңбегіне тиісті қосымша ақы алған болатын. Ол қазір жас телдерді қамқорлықпен күтуде, олардың тәуліктік салмағын мейлінше арттыруға барлық күшін жұмсауда.

Н. ВОРОПАЕВА.

Совет Хабаршы бюросынан

25 ФАВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

(Басы 1-бетте).

Зуккау-Зее көлі мен Добринка өзені маңында ұзақ уақытқа арнап жасаған бекіністері қаланың кіре беріс іргелеріне қамал болды. Совет бөлімдері бұл су бөгетінен өтті және қауырт шабуыл жасау нәтижесінде тас жолдардың маңызды торабы —Пройсс Фридланд қаласын алды. Жаңа әскерлеріміз танктер мен өздігінен жүретін зеңбіректердің көмегімен 10 километр алға басып, немістерді Вишовсвальде қыстағы мен темір жол станциясынан қуып шығарды. Әскерлеріміздің берген соққысы астында кері шегініп бара жатқан дұшпан тек өлдей ғана 3000-дай солдатты мен офицерінен айрылды. Немістердің 23 танкі мен 47 жай зеңбірегі жойылды. 200ден аса гитлершілдер қолға түсірілді.

Бреслауда әскерлеріміз дұшпанның қоршауға алынған әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізді. Советтің шабуылшы әскер топтары артиллерияның көмегімен қаланың оңтүстік бөлегіндегі бірнеше

кварталды немістерден тазартты. Гинденбург алаңында кескілескен ұрыстар болды, немістер бұл жерге көптеген зенит зеңбіректерін топтандырып болатын. Екінші бір учаскеде әскерлеріміз жаудың қала маңындағы Ольташин қыстағының солтүстік жағындағы қорғану шебіне бұзып өтті, сөйтіп табысты дамыта отырып, мұнай қоймасы ауданын алды. Ұрыс болған жерде жаудың көптеген өліктері қалды. Жаудан 340 адам, 8 танк, тағы басқа олжа қолға түсірілді.

Шығыс Пруссияда әскерлеріміз немістердің көп солдатты мен офицерін қолға түсірді. Немістердің 349-жау әскер дивизиясының соғыс тобының қолға түсірілген командирі обер-лейтенант Адриас Пухер былай деді: «Германия соғыста сөзсіз ұтылды. Қазір неміс солдаттарының көпшілігі жай азаматтардың киімдерін киіп, түрлі қыстақтарда жасырынып жүр. Жүздеген және мыңдаған қашқындар майданға жапсарлас жердегі жолдарда басып жүр. Бұдан әрі қарсылық көр-

Жас шаңғышылар жарысы

Ленин ауданының орталығында комсомол мүшелері мен жастардың шаңғы жарысы өткізіліп жатыр. 13 февральда Явленка орта мектебінің әскери жетекшісі Ахметов жолдастың басқаруындағы 12 шаңғышы 3 километрлік жарысқа шықты. Жарыста 6-клас оқушылары Петров және Фелькин 3 километрлік қашықтықты 22 минут жүру орнына 17 минут жүріп, белгіленген мерзімнен 5 минут бұрын келді. Золотов, Баянов, Овсянников және тағы басқа оқушылар көрсетілген мерзімнен 4 минут бұрын келді. Шаңғы жарысына қатысқан 9 оқушы ГТО значегіне норма тапсырды.

Жақын арада «Проводник», Воровский атындағы, «Искра» және «Путь Социализма» колхоздарында да жас шаңғышылардың жарысы өткізілмек.

Шаңғышылар жарысы ауданның барлық колхоздарында өткізілгеннен кейін, аудан орталығында таңдаулы шаңғышылардың кездесуі болады.

Редакцияға хат

Облыстық Заготживсырьем есеп айырысқымыз келеді

Заготживсырьенің облыстық конторымен 1944 жылға жасалған шарт бойынша біздің колхоздың аңшылар бригадасы дайындау орнына 865 сомның аң терілерін тапсыруға міндетті еді. Біз өткен жылы дайындау орнына 1 қасқыр және 23 түлкі терісін тапсырып, алынған міндеттемені 230 процент орындадық.

Осы шарт бойынша Заготживсырье бұл үшін біздің колхоздың аңшыларына бір пальто, 2 пар етік, бір мылтық, көптеген оқ-дәрі беруге міндетті еді. Бірақ, колхоздың өз міндеттемелерін артық орындағанына қарамастан, облыстық Заготживсырье аңшыларға осы күнге дейін жоғары да көрсетілген бұйымдардың бірде-бірін төлемей отыр.

Тапсырылған аң терілері үшін түрлі бұйымдар алу жөнінде облыстық Заготживсырьемен (менгерушісі Ершов, оның орынбасары Әминова жолдастар) толық есеп айырысқымыз келеді.

СУЛЕЙМЕНОВ,

Петропавл ауданындағы «Белсенді» колхозының председатели.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 24 февраль. (ТАСС). Одақтас тартың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының хабарында былай делінген: Германияда, Рейн және Маас өзендерінің аралығында одақтастар әскерлері Монандты алды. Одақтастардың екінші бір бөлімдері Гох пен Уден аралығындағы темір жолдың оңтүстік жағында біраз алға басты. Одақтастар әскерлері Рер өзенінен өтіп, шабуыл жасады, сөйтіп Линних ауданында Рурихты, Глимбажды, Гебенх пен Босларды алды. Одақтастардың әскер бөлімдері Прюмнің оңтүстік-батыс жағында біржарым миль алға басып, бірнеше қыстақтарды алды.

Одақтастардың танк бөлімдері Люксембург—Герман шекарасы бойындағы Юкен қаласы мен Прейсшейд қаласын алды. Саар өзенінің шығыс жақ жағалауындағы Окфенде (Саарбургтің солтүстік жағында) көше ұрыстары болып жатыр. Саарбургтің оңтүстік жағында, Саар өзенінің шығыс жақ жағалауындағы Серриг қаласы дұшпаннан толық дерлік тазартылды.

Одақтастар әскерлері Форбах қаласын дұшпаннан тазартуда.

Саар өзенінің батыс жақ жағалауында одақтастар әскерлері Шенбахты алды. 21 февральда батыс майданда одақтастар әскерлері жаудан 2700 адам қолға түсірді.

Одақтастар авиациясы дұшпанның Оңтүстік, Орталық және Оңтүстік-шығыс Германиядағы транспорт орындарына шабуыл жасады. 24 февральға қараған түнде ауыр бомбашылар Рейн облысындағы Пхорцхейм өнеркәсіп және темір жол орталығына шабуыл жасады. Жеңіл бомбашылар Берлинге шабуыл жасады.

ЛОНДОН, 24 февраль. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда 5 армияның бөлімдері Делла Торрачча және Кастелло биіктерінде өз шептерін нығайтып, дұшпанның айырылыш қалған шептерін қайтарып алу жөніндегі барлық әрекеттерін тоқтатты. Майданның басқа учаскелерінде ешбір өзгеріс болған жоқ.

23 февральда одақтастардың Орта теңіздік авиациясы 11 күннен бері Германияның қатынас жолдарын талқандауда болды, сөйтіп жаудың Австриядағы және солтүстік Италиядағы бұйым станциялары мен темір жол станцияларына шабуыл жасады.

Берлиндегі жағдай

ЛОНДОН, 21 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігі, Муссолинидің Берлиндегі «елшісі» Филиппо Анфузонның Муссолиниге жіберген құпия хабарын итальян партизандарының қолға түсіргендігі туралы Швейцарияның «Сюсс» газетінің хабары берді. Бұл хабарда Берлиндегі жағдай ыспатталған. «Берлинде жағдай өте-өте шиеленісіп отыр, —делінген хабарда,—немістердің дінкесі құрып, еңсесі түсті. Көтеріс шығып кетуге де мүмкін. Жантұршылық қаражат дағдарысы немістің бағалы қарағдарының құнын түсірді, ақшаның мүлде құны түсті. Мәйлінше көп солдаттар неміс армиясынан қашып кетуде. Сонымен, соғыс соттары күнсайын жүздеген қашқындарды сотқа тартып жатыр».

Жауапты редактор

Ө. ОСПАЛҚОВ

Қазақстанның 20 жылдығы атындағы көпөнершілер артеліне түпкілікті жұмысқа шетке жасайтын цехтың шебері. КЕРЕК Еңбек ақы келісім бойынша төленеді. Адрес: Петропавл қаласы Пушкин көшесі, 28-үй. Телефон № 0-92.

Қазақстан антек Басқармасының Петропавл қаласындағы № 3 антеканың мөрі жоғалды. Бұдан былай қарай бұл мөрдің күші жоқ деп есептелсін. Қазақстанның 10 жылдығы атындағы мұдәктер артеліне кассир-секретарь, үйге жұмыс алып істейтін жұмысшылар тағы басқа көмекші жұмысшылар КЕРЕК.